

*ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ
СЫН ТҰРҒЫСЫНАН
ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ
ДАМЫТУ*

Орындаған: Сағынғалиева А.Қ.

МАЗМҰНЫ:

1.КІРІСПЕ.

СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

2.НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

**СЫНИ ОЙЛАУ САБАҒЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ФОРМУЛАСЫ**

3.ҚОРЫТЫНДЫ

ЖОБАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ:

**ЗАМАН ТАЛАБЫНА БАҒЫТТАЛҒАН
НАҚТЫ МАҚСАТТАРДЫ НЕГІЗГЕ АЛА
ОТЫРЫП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-
ТӘСІЛДЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА
ҚОЛДАНУ.**

МІНДЕТТЕРІ:

**ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ӘРБІР
ЖҰМЫСТЫ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАЙ
ОТЫРЫП, ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ
ЕНГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІГІН ҚАРАСТЫРУ.
ЖЕКЕ МӘНІ БАР ТҰЛҒАНЫ
ТӘРБИЕЛЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН
ӘДІСТЕРДІ ҰСЫНУ**

Күтілетін нәтиже:

Өзінің ойын еркін жеткізе алуға қалыптасады, жеке, жұпта, топта бірлесіп жұмыс істей білуге дағдыланады; бағалаудың не екенін, бір - бірін бағалауды, өзін-өзі бағалауды үйренеді; қызығушылықтары мен белсенділіктері артады.

***МУҒАЛІМ ӨЗ ОЙЫН
САПЫРЫЛЫСТЫРЫП
АЙТУ ҮШІН БЕРІЛМЕЙДІ,
БАСҚАНЫҢ ОЙЫНА ҚОЗҒАУ
САЛУ ҮШІН БЕРІЛЕДІ***

В.О КЛЮЧЕВСКИЙ



Сын тұрғысынан ойлау- бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талқылауға және сипаттауға бағытталған пәндік шешім.

*Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы
әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің
бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген*

Джинни Л.Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Темпл.

*Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский
теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық
жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни
тұрғыдан қарап, екі ұғарым бір пікірдің біреуін
таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда
үйрету.*

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін төменгі шаралар орындалуы шарт:

- 1) Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
 - 2) Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұхсат беру;
 - 3) Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
 - 4) Үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
 - 5) Кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;
- 1) Оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
 - 2) Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Оқу деген не?...

- көп білу;
- ақпаратты есте сақтау;
- ақпаратты жинақтау;
- мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтау;
- әлемді өзгеше қырынан танып-білу.



1) Оқу пирамидасы



1) Балаларға қалай оқу керектігін үйренуге көмектесу



Сабақта оқушыларды сыни ойлауға бағыттайтын әдістерді қолдануда мұғалім шеберлігі

*Сыни ойлау сабағының құрылымдық
формуласы*

3 кезеңнен (ERR) тұрады:

- Қызығушылықты ояту*
- Мағынаны тану*
- Ой – толғаньс*

I. Қызығушылығын ояту («көпір жасау», ой қозғау) – **Эвокация** – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шындалып, аршылады. Сабаққа белсенділігі, ынта – жігері артады. Бұл кезеңде мұғалім жаңа ақпаратты таныстырады. Тақырып бойынша жұмыс жасауға итермелейді. Таңдап алынған стратегияларға байланысты өз бетімен білім алуға көмектеседі.

II. Мағынаны таныту (мағынаны ажырату) — **Реализация**– оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді.

III. Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) - **Рефлексия** – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды.

Құрылым былай болуы да мүмкін: ER (ERR) R. Бұдан шығатын тұжырым: сабақ кезеңі тізбектей ғана емес, айналмалы циклді құрылым. Білім берудің маңызды шарты оқу үрдісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға күштарлықтарын дамыту болып табылады. Ендеше, дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің көмегімен білім алса; оқушы мұғалім білім сыни тұрғыдан ойлау сабағында оқушы білімге өзі жетеді, мұғалім тек бағыт беруші.

Сабақ кезеңдері:

I. Қызығушылықты ояту
(мотивация)

II. Мағынаны ашу (жаңа
ақпарат алу)

III. Ой толғаныс (рефлексия)

IV. Бағалау (оқушылардың
өзін-өзі бағалауы,
мұғалімнің бағалауы,
жалпы бағалау,
критерийлер арқылы
бағалау)

V. Сабақты аяқтау (бір
пікірге келу, өз пікірін
дәлелдеу, үйден жалғастыру)

Стратегиялары:

1. Топтастыру
2. Венн диаграммасы
3. ЖИГСОН I, II
4. Инсерт
5. Кубизм
6. Бес жолды өлең
7. Блум таксономиясы
8. Өзара оқыту
9. Авторға сұрақ қою
10. ББҮ (білемін, білгім келеді,
үйрендім)
11. РАФТ
12. Негізгі идеяны суреттеу т.б
(100 астам стратегиялары бар)

«Торлы талқылау» стратегиясы

Иә	Жоқ
<p>Маған күз мезгілі өте ұнайды. Айналаңнан бояудың барлық түсін көре аласың. Ағаштан үзіліп түсіп жатқан жапырақтар көбелек сияқты. Барлық жеміс, көкөніс пісіп, тоятын мезгіл (Назым)</p>	<p>Маған күз мезгілі ұнамайды. Жазғы каникул бітіп қалады. Жиі ауа райы бұзылып, батпақ болады. Ойнағанда киімің былғанса, анаң ұрсады. Бақшада да жұмыс көп. Ойнауға уақыт аз қалады (Еркебұлан)</p>

Осы мазмұннан алған
ақпарат менің
бұрынғы білетініме
сәйкес пе?

Мен осы
мәселе
туралы не
ойлаймын?

Оқушы

Маған бұл
жаңа ойлар
қаншалықты
әсер етті?

*ой-өрісі,
ізденімпаздығы,
шығармашылық
қабілеттері*

*Сын тұрғысынан
ойлау сабақтарының
алғы шарттары*



- ❑ **Сабақты белсенді , әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;**
- ❑ **Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;**
- ❑ **Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;**
- ❑ **Әртүрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;**
- ❑ **Тіл байлығын дамыту үшін, қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;**
- ❑ **Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау;**
- ❑ **Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.**

Сабақтың тақырыбы: А.Құнанбаев «Жаз»

Сабақтың мақсаттары: 1.Оқушыларға жаз айының ауа райындағы ерекшеліктерді, жаздағы табиғаттың жандануын түсіндіру;2. Сөздік қорын дамыту, тіл байлығын жетілдіріп, ойла, көру, сезіну қабілеттерін дамыту, өздігінен жұмыс істеу арқылы қорытынды шығаруға дағдыландыру.3.Отанын, туған жерін, арманын, көлін табиғатын сүйуге баулу.

Сабақтың типі: аралас сабақ.

Оқытудың түрі: Жеке, топтық, фронтальды.

Пәнаралық байланысы: Дүниетану, бейнелеу, қазақ тілі.

Стратегиялары: Венн диаграммасы, 5-жолды өлең.

Топтастыру.

Көрнекілігі. Жаз суреті, «Жыл мезгілдері» бүктеме, «Құстар» бүктеме, А.Құнанбаев суреті.

Әдісі: оқыту, әңгімелеу, салыстыру, ізденушілік, жинақтау.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Үй тапсырмасын тексеру.

1-топ: «Төрт түлік» сөзтізбегін шешу.

2-топ: «Құстар біздің досымыз» өз ойын жазу.

III. Жұмбақ шешу.

Күн ысып,

Су жылынып,

Егін басын тұр иіп

Жеміс тердік бақшадан,

Жеңімізді түрініп

Шешуін жаз.


Жаз- жазылуы бірдей, көп мағыналы сөз.

Жаз- жыл мезгілін білдіреді.

Жаз-сөз табы бойынша етістік.

Жыл мезгілдерінің айларын анықтайық (топтастыру)

Жыл мезгілдерінің айларын анықтайық (топтастыру)



Сұрақ- жауап арқылы жыл мезгілдерінің ерекшеліктеріне тоқталамыз.

IV. Жаңа сабақ. Абай атамыздың жазған «Жаз» өлеңіне тоқталайық.

А) Біз әдебиеттік оқу пәнінен Абайдың қандай өлеңдерін оқыдық?

Абай құнанбаев туралы білімдерін пысықтап, толықтыру.


Ә)Өлеңді мәнерлеп оқып, мазұнын түсіндіру.

Б)Іштей оқу.

В)Дауыстап жеке оқушының оқуы, өлеңнің мазмұнын өз топтарында талдау.

Мазымұнын бір біріне түсіндіру,,талқылау.

Әр топтан бір оқушы топтастыру жасайды.



Сұрақтар:

1. Шілде жылдың қай мезгілінде келеді?
2. Жазда ағаштарда, шөптерде қандай өзгерістер болады?
3. Өлеңдегі жаз мезгіліндегі елдің тіршілігі, еңбегі туралы әңгімеле.
4. «Бүйірі шығып, ыңқылдап» деген тіркесті бір сзбен қалай айтуға болады?

Сергіту сәті: «Жаз келді алақай!» әнін қимылмен орындау.

V. Тапсырмаларды орындау.

А) дәптермен жұмыс.

Жаз айларының аттарын жазу.

Б) 5-жол өлең шығару.

Алақай жаз келді,

Айналам құлпырып.

Көбелек ұшады,

Құстар да сайрады

Табиғат шат болып.

VI. Қорыту.

Авторға хат жазу.

VII. Үйге тапсырма.

Өлеңді жаттау.

VIII. Бағалау.

Қорытынды

А.Байтұрсынов «Білім-біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыру дағдысы» деп бағалаған. Сол себепті мұғалім ХХІ ғасырдың жаңа идеяшыл ұстазына айналу үшін, үнемі іздену үстінде жүріп, жаңа технологияларды тереңінен меңгерген жағдайда, өзінің білімі мен біліктілігін арттырған кезде ғана нағыз ұстаз болады деп ойлаймыз.

Біз алдағы өзіміздің іс-тәжірибемізде осы бағдарламаны пайдалан отырып, сабағымыздада әр түрлі жаңа әдіс-тәсілдермен ойындарды пайдалана отырып, оқушының бойындағы білімділігі мен талпынысын, қызығушылығы мен сыни тұрғысынан ойлау қабілетін арттырамыз деген сенімдеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық . 2012ж
2. «Қазақ әдебиеті» газеті. №16 19-25 сәуір, 2013ж
3. Тілдік тұлға қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы.
//Білім-Образование.-2007.-№5.12-23 б.
4. Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті.- №10.35-45б